

З.К. Чункурова^{1*}, Е.Т. Катанова², Э.А. Аликанова³

^{1,2}Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан;

³Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан
(*Хат-хабарға арналған автор. E-mail: shonova_zarina@mail.ru)

¹ORCID 0000-0003-4440-339X,

²ORCID 0000-0003-2462-7097,

³ORCID 0009-0009-7321-8872

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыруда арт-терапияның ықпалы

Қазіргі білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыру әдістерін жетілдіру маңызды мәселеге айналып отыр. Олай болса, зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыруда арт-терапияның ықпалын қарастыратын боламыз. Мотивация мен арт-терапия ұғымдарының өзара байланысы мен бірі-біріне ықпалын зерделеу. Зерттеудің басты мақсаты — бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыруда арт-терапияның ықпалын теориялық тұрғыдан негіздеу мақсатында эксперименталды түрде зерттеу. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыруға бағытталған арт-терапия сабақтарының кешенін әзірлеу және сынақтан өткізу. Тәжірибелік экспериментке бастауыш сынып оқушыларынан 40 оқушы қатысты. Зерттеуге қатысқандардың 20 оқушысы эксперименттік топты құрады. Сонымен қатар бұл бастауыш сынып оқушылары оқуға деген мотивацияларын арттыру мақсатында арт-терапия бойынша сабақтар кешенін іске асырды. Ал қалған 20 оқушы бақылау тобына кірді және әзірленген сабақтар кешеніне қатыспады. Зерттеу жұмысы үш кезеңнен тұрды. Анықтау кезеңінде — бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясының бастапқы деңгейі анықталды. Қалыптастырушы кезеңде — бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыру және оның тиімділігін бағалау үшін арт-терапия бойынша сабақтар кешені әзірленіп және жүзеге асырылды. Бақылау кезеңінде — бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивацияны арттыру деңгейінің динамикасы зерттелініп және арт-терапия арқылы сабақтар кешенінің тиімділігі тексерілді.

Кілт сөздер: бастауыш сынып, оқушы, оқу, мотивация, арт-терапия, арттыру, тиімділік.

Кіріспе

Қазіргі таңда егеменді еліміздегі білім мекемелерінің алдына оқушыларға берілетін білім мен тәрбие сапасын көтеру және жақсарту міндеттері қойылды. Соңғы уақытта заман ағымына байланысты білім мазмұнында көптеген түбегейлі өзгерістер болуда. Білім мазмұнындағы көптеген өзгерістерге байланысты бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінде мотивацияны дамыту мәселесіне көп көңіл бөлінуде [1].

Жалпы алатын болсақ, дидактика мен педагогикалық психологияның ортақ мәселесі мотивацияны зерттеу. Мотивация мәселесін зерттеуде біршама жетістіктерге қол жеткізілді, бірақ әлі күнге дейін бұл мәселе тұрғысында көптеген өзекті мәселелер шешімін таппады [2]. Бұл өзгергіштікке, ұтқырлыққа, мотивтердің әртүрлілігіне, оларды құрылымдаудың күрделілігіне байланысты болып отыр. Оларды басқару тәсілдерін нақты анықтаудың қиындықтары да бар. Алайда өзгергіштікті, ұтқырлықты, мотивтердің әртүрлілігін, күрделілігін жүзеге асыруда түрлі заманауи әдіс тәсілдерді қолдануға болады. Демек зерттеу мәселесін қарастыруда, бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыру үшін арт-терапия әдісін қолдана аламыз [3]. Арт-терапия бұл өнер мен шығармашылыққа негізделген психотерапиялық және психологиялық түзету түрі. Арт-терапия сезімдерді сурет салу арқылы жеткізуге мүмкіндік береді.

Сурет салу — бастауыш сынып оқушылардың шығармашылық белсенділігінің дамуына кең мүмкіндік беретін ең сүйікті іс-әрекеттерінің бірі.

Сүйікті іс-әрекет дегеніміз өзі қалаған, ұнатқан іс-әрекет. Олар сурет салудың мәнерлі құралдарын пайдалана алады [4]. Сонымен, түс нақты затпен ұқсастықты жеткізу үшін, суретшінің кескін объектісіне қатынасын білдіру үшін декоративті түрде қолданылады. Композицияның әдіс-тәсілдерін меңгере отырып, оқушылар сюжетті шығармаларда өз ойларын толық әрі анық жеткізе

бастайды [5]. Балалармен сурет салу процесінде негізінен түрлі-түсті қарындаштар, акварельдер және гуашь қолданылады, ал сызықтық пішін қарындашпен жасалады. Сонымен бірге бірте-бірте бөліктер бірінен соң бірі пайда болады, түрлі детальдар қосылады. Содан кейін сызықтық кескін боялады. Сурет салудың бұл реттілігі баланың ойлауының аналитикалық әрекетін жеңілдетеді. Зерттеуші ғалымдар Г.А. Қасен, А.Б. Айтбаеваның айтуынша, баланың суреті ең алдымен бала тұлғасының проекциясы, оның дүниеге қатынасының символдық көрінісі ретінде қарастырылады [6]. Демек баланың суреті арқылы психикалық даму деңгейін және жеке ерекшеліктерін көрсететін қырларын ажырату болады.

Осы орайда, біз бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыруда арт-терапия әдісін қолданудың маңызы зор деп білеміз.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми психологиялық-педагогикалық және арнайы әдебиеттерге теориялық талдау жасалынды. Зерттеу жұмысының болжамды нәтижелерін дәлелдеу мақсатында эксперимент ұйымдастырылды. Эксперимент барысында Т.А. Нежнованың «Мектеп туралы әңгіме» әдістемесін жүргіздік [7].

Әдістеменің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының ішкі ұстанымының қалыптасуын, оқу мотивациясын анықтау.

Нұсқаулық: балаларға екі мектеп туралы әңгімелер айту: А мектебі және В мектебі.

Жас шекаралары: 6,5-8 жасты қамтиды.

Бағалау әдісі баламен жеке сөйлесуді ұсынады.

Зерттеу жұмысымызда қолданылатын әдістеменің мақсаты мен нұсқаулыққа тоқталып өттік. Ендігі кезекте бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыру және оның тиімділігін бағалау үшін арт-терапия бойынша сабақтар кешені әзірленді және жүзеге асырылды.

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыру үшін арт-терапия бойынша сабақтар кешенінің міндеттері:

- оқушының ішкі ұстанымының қалыптасу деңгейін, оқу мотивациясын арттыру;
- бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру;
- бастауыш сынып оқушыларының мектебінде оқуға деген мотивациясын арттыру.

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыру мақсатында жасалған сабақтар кешенін әзірлеу кезінде біз келесі принциптерге сүйендік:

- қолжетімділік (оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу негізінде оқуға деген мотивацияларын арттыруға байланысты сабақ кешенін құру);
- даралық (құндылық ретінде әрбір оқушының тұлғасына көңіл бөлу, оқуға деген мотивацияларын арттыру);
- саралау (оқуға деген мотивацияның бастапқы деңгейін есепке алу);
- жүйелілік (оқушылардың оқуға деген мотивацияларын арттыруда жүйелікті ескеру) [8], [9].

Нәтижелер және оларды талдау

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында бастауыш сынып оқушыларына Т.А. Нежнованың «Мектеп туралы әңгіме» әдістемесі жүргізілді [7]. Берілген әдістеме бойынша зерттеу нәтижелерін талдайтын боламыз. Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыру деңгейлері 1-кестеде көрсетілген.

1 - кесте

Анықтау кезеңі Т.А. Нежнованың «Мектеп туралы әңгіме» әдістемесі бойынша бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивация деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштері

Деңгей	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жоғары	15	15
Орташа	50	55
Төмен	25	20
Өте төмен	10	10

Анықтау кезеңінде эксперименттік топтағы бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясы жоғары (жеткілікті) деңгейі 15 %-да (3 бала), бақылау тобында 15 %-да (3 бала)

байқалады. Бұл мектептегі бағдар мен мектепке деген оң көзқарасты сипаттайды. Бастауыш сынып оқушыларында оқуға деген қажеттілік сезімдері бар, сабаққа және мектеп мазмұнына қызығушылық танытады. Сыныптағы ұжымдық сабақтарға қатысуды жөн көреді. Сондықтан да осы топтағы оқушылардың ішкі ұстанымы жеткілікті түрде қалыптасқан.


Эксперименттік топтағы бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясы орташа (бастапқы) деңгейі 50 %-да (10 бала), бақылау тобында 55 %-да (11 бала) байқалады. Бастауыш сынып оқушылары негізінен мектеп өмірінің сыртқы атрибуттарына қызығушылық танытады. Бұл оқушының ішкі ұстанымын қалыптастырудың бастапқы кезеңі. Сонымен қатар, балаларда мектепке деген оң көзқарас, оқу қажеттілігінің болуы, сабақ пен мектеп мазмұнына қызығушылық таныту маңызды болып отыр.

Эксперименттік топтағы бастауыш сынып оқушыларында оқуға деген мотивацияның төмен деңгейі 25 %-да (5 бала), бақылау тобында 20 %-да (4 бала) байқалады. Бұл балалар мектепке қызығушылық танытпайды. Олардың мектепке деген оң көзқарасы қалыптаспаған, оқу қажеттілігі байқалмайды. Сабақтарға қызығушылық таныту, үйде тәттілер, сыйлықтар арқылы мотивациялау жүзеге асады.

Эксперименттік топтағы бастауыш сынып оқушыларында оқуға деген мотивацияның өте төмен (нөлдік) деңгейі 10 % (2 бала), бақылау тобында 10 % (2 бала) байқалады. Бұл топтағы бастауыш сынып оқушыларында мектепке міндетті түрде бармау жағдайы орын алып отыр. Олардың мектеп мазмұнындағы сабақтарға деген ұмтылысы байқалмайды. Үнемі ынталандыруды қажет етеді.

Ендігі кезекте топтардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау мақсатында Стьюдент t-критерийін қолдандық. Анықтаушы кезеңдегі эксперименттік және бақылау топтарындағы айырмашылықтардың маңыздылық деңгейі есептелінді. Есептеу барысында t кестелік мәннен $p \leq 0.05$ 2,02, $t_{\text{эмп}} = 0.2$ мән төмен, яғни статистикалық маңызды емес екенін көрсетті.

Т.А. Нежнованың «Мектеп туралы әңгіме» әдістемесі бойынша эксперименттік және бақылау топтарында бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивация деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Анықтау кезеңі Т.А. Нежнованың «Мектеп туралы әңгіме» әдістемесі бойынша бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивация деңгейлерінің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері, %

Анықтау кезең бойынша екі топтың арасындағы оқушылардың оқуға деген мотивация деңгейлерін салыстырмалы түрде талдайтын болсақ, эксперименттік (50 %) және бақылау топтарындағы (55 %) бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясы орташа (бастапқы) деңгейде маңызды болып табылады. Демек мектепте оқуға деген мотивациялары төмен және өте төмен балалар саны жоғары пайызды берді.

Эксперименттік топта 25 % және бақылау тобында 20 % оқушының оқуға деген мотивациясы мен ішкі ұстанымының төмен деңгейі байқалады. Эксперименттік (10 %) және бақылау топтарында (10 %) нөлдік деңгей орын алды, яғни мектепте оқуға мотивация мен оқушының ішкі позициясы қалыптаспаған болып табылады.

Анықтаушы кезең бойынша зерттеу нәтижесін алдық. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, эксперименталды топпен арт-терапиялық сабақтар кешені негізінде қалыптастырушы кезең жүзеге асты.

Қалыптастырушы кезеңде бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыруда арт-терапия ықпалын қарастыратын боламыз. Жалпы арт-терапиялық сабақтар бастауыш сынып оқушыларының бейресми қарым-қатынасы үшін жағдай жасауға бағытталған. Оқушының оқуға деген мотивациясын арттыру үшін жағдай жасауды көздейді. Сабақтарды іске асыру кезінде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық мүдделерін дамыту және оларды көркемдік қызметке қосу үшін барлық жағдайлар жасалынды. Балаларға берілген тақырыпта сурет салу ұсынылды, сурет салу әдістері мен құралдарын бала өз бетінше таңдады. Сабақтар кешенінің мазмұны 2-кестеде көрсетілген.

2 - кесте

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивация деңгейін арттыру мақсатында жүргізілген сабақтар кешені

№	Кезеңдер	Мақсаты	Мазмұны	Уақыты
1	Кіріспе	Бастауыш сынып оқушыларын педагогикалық колдауды ұйымдастыру	«Мектеп дегеніміз не?» топта сурет салу «Мектепте не жақсы» сюжеттік сурет салу	1 сабақ 3 сағат
2	Теория	Мотивация деңгейін арттыруға бағытталған балалармен топтық дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.	«Мектеп өмірінің ережелері», «Маған мектепте не керек?» коллажы «Мен сөмкеме не саламын» дайын бланкілерді қолдана отырып сурет салу	1 сабақ 3 сағат
3	Рефлексия «Менің мектебім»	Оқушының ішкі ұстанымын, оқу мотивациясын арттыру	«Мектепке не үшін барады?» сюжеттік сурет салу «Оқушының портреті» аппликациясының элементтерімен еркін сурет салу	1 сабақ 3 сағат
4	Мақсат қою	Мектепте оқуға деген мотивациялық дайындықты арттыру	«Мектеп» тақырыбына шеңбер бойымен топтық сурет салу	1 сабақ 3 сағат
5	Қалыптастыру	Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыру	«Менің мектебім» еркін сурет салу	1 сабақ 3 сағат
6	Қорытынды	Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыру Сауатты оқыту сабақтарын ұйымдастыру. Бала әлемді пәндерге бөлмей-ақ тұтас қабылдау	«Дауысты хор» мақта таяқшаларымен сурет салу «Қандай дыбыс артық» жұптық сурет салу «Жұпты тап» ниткографиясы «Біз буындардан сөздер құраймыз» пластилинмен сурет салу «Сөйлемдерді құрастыру» қылқаламмен шашырата бояу техникасы	1 сабақ 3 сағат

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыру барысында кешенді сабақтарды жүзеге асырдық [6].

Кешенді сабақтарды әзірлеу кезінде біз зерттеуге қатысып отырған эксперименттік топтың оқуға деген мотивациясын арттыруды алдыға тарттық. Эксперименттік топтың оқуға деген мотивациялары қалыптасу деңгейі аса қуантарлықтай деңгейде болмады, сондықтан да оқушылардың оқуға деген мотивацияларын одан әрі дамыту үшін, эксперименттік топпен кешенді сабақтарды жүргізуді жөн көрдік. Кешенді сабақтар өткізілгеннен кейін қайта тестілеу жүргізілді. Алынған нәтижелерді бақылау кезеңінде көрсететін боламыз.

Зерттеудің бақылау кезеңінде Т.А. Нежнованың «Мектеп туралы әңгіме» әдістемесі бойынша эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері алынды. Екі топтың арасындағы айырмашылық 3-кестеде көрсетілген.

Бақылау кезеңі Т.А. Нежнованың «Мектеп туралы әңгіме» әдістемесі бойынша бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивация деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштері

Деңгей	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жоғары	25	15
Орташа	65	60
Төмен	10	20
Өте төмен	0	5


Бақылау кезеңінде эксперименттік топтағы бастауыш сынып оқушыларында оқуға деген мотивациясы жоғары (жеткілікті) деңгейі 25 %-да (5 бала) байқалады, бұл анықтау кезеңінен 10 %-ға (2 бала) артты. Бақылау тобындағы бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясы жоғары (жеткілікті) деңгейі бақылау кезеңінде өзгерген жоқ және 15 % құрайды (3 бала). Оқуға деген мотивацияның жоғары (жеткілікті) деңгейі мектептің оқу бағытын және мектепке деген оң көзқарасты сипаттайды. Оқушының осы топтағы ішкі ұстанымы жеткілікті түрде қалыптасқан.

Эксперименттік топтағы бастауыш сынып оқушыларында оқуға деген мотивацияның қалыптасуы орташа (бастапқы) деңгейі 15 %-ға (3 бала) өсті және 65 %-да (13 бала) байқалады. Бақылау тобындағы бастауыш сынып оқушыларында оқуға деген мотивацияның қалыптасуы орташа (бастапқы) деңгейі бақылау кезеңінде 15 %-ға (3 бала) ұлғайды және 60 %-ды (12 бала) құрады. Оқушылар негізінен мектеп өмірінің сыртқы атрибуттарына қызығушылықпен қарайды. Бұл оқушының ішкі ұстанымын қалыптастырудың бастапқы кезеңі.

Эксперименттік топтағы бастауыш сынып оқушыларында оқуға деген мотивацияның қалыптасуы төмен деңгейде 15 %-ға төмендеді (3 бала) және бақылау кезеңінде 10 %-да (2 бала) байқалады. Бақылау тобындағы бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясының төмен деңгейі өзгерген жоқ және 20 % құрайды (4 бала). Балалар мектепке аз қызығушылық танытады.

Эксперименттік топта бастауыш сынып оқушыларында оқуға деген ынтаның өте төмен (нөлдік) деңгейі байқалмайды. Бақылау кезеңінде деңгейдің 10 %-ға төмендегенін атап өтеміз (2 бала). Бақылау тобындағы бастауыш сынып оқушыларында оқуға деген мотивацияның өте төмен (нөлдік) деңгейі 5 %-ға (1 бала) төмендеді және бақылау кезеңінде 5 %-ды (1 бала) құрайды. Бұл топтың балаларында мектепке баруға және мектепке деген ұмтылыс байқалмайды.

Т.А. Нежнованың «Мектеп туралы әңгіме» әдістемесі бойынша эксперименттік және бақылау топтарында бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясының қалыптасу деңгейлері 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Анықтау және бақылау кезеңдерінің Т.А. Нежнованың «Мектеп туралы әңгіме» әдістемесі бойынша эксперименттік және бақылау топтарында бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясының арттыру деңгейлерінің пайыздық салыстырмалы көрсеткіштері, %.

Бақылау кезеңі бойынша эксперименттік топ пен бақылау тобының арасындағы айырмашылық мәнділікке тексерілді. Есептеу барысында Стьюдент t-критерийі мынадай болды [10]:

- бақылау кезеңіндегі эксперименттік топтағы айырмашылықтар статистикалық маңызды, өйткені t кестелік мәннен $p \leq 0.05$, t_{02} , $t_{\text{эмп}} = 2,5$ мән жоғары болды.

- бақылау кезеңіндегі бақылау тобындағы айырмашылықтар статистикалық маңызды емес, себебі t кестелік мәннен $p \leq 0.05$, t_{02} , $t_{\text{эмп}} = 0,4$ мәні төмен көрсеткіш көрсетті.

Осылайша, «Мектеп туралы әңгіме» әдістемесі бойынша бақылау кезеңінде эксперименттік топта жоғары (жеткілікті) деңгейдің 10 %-ға (бақылау кезеңінде 25 %) және орта деңгейдің 15 %-ға (бақылау кезеңінде 65 %) өсуі байқалады, бақылау тобында өзгерістер елеулі емес: орташа деңгейдің 5 %-ға өсуі байқалады (бақылау кезеңінде 60 %).

Қорытынды

Сонымен қорытындылай келе, «Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыруда арт-терапияның ықпалы» тақырыбында жүргізілген зерттеу жұмысы бірқатар міндеттерді жүзеге асырды. Т.А. Нежнованың «Мектеп туралы әңгіме» әдістемесі бойынша бастауыш сынып оқушыларына диагностика жасалынып, алғашқы мәліметтер алынды. Алынған нәтижелер төмендегідей сипатта болды. Эксперименттік (50 %) және бақылау топтарындағы (55 %) «Мектеп туралы әңгіме» әдістемесі бойынша анықтаушы кезеңде бастауыш сынып оқушыларында оқуға деген мотивация орташа деңгейде маңызды болып табылады. Мектепте оқуға деген мотивация төмен және өте төмен балалар саны маңыздылыққа ие болды. Эксперименттік топта 25 % және бақылау тобында 20 % оқушының оқуға деген мотивациясы мен ішкі ұстанымының төмен деңгейі байқалды. Эксперименттік (10 %) және бақылау топтарында (10 %) нөлдік деңгей байқалды, яғни мектепте оқуға деген мотивация және оқушының ішкі позициясы қалыптаспаған.

Қалыптастырушы кезеңде бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыру мақсатында арт-терапиялық сабақтар кешені жүргізілді. Педагогикалық шарттар сақталынды. Сабақтарды іске асыру кезінде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық мүдделерін дамыту және оларды көркемдік қызметке қосу үшін барлық жағдайлар жасалады. Сонымен қатар оқушылардың оқуға деген мотивациясын арттыруда біршама өзгерістер байқалды. Оны біз бақылау кезеңінде алынған зерттеу нәтижелерінен көре аламыз.

Т.А. Нежнованың «Мектеп туралы әңгіме» әдістемесі бойынша бақылау кезеңінде эксперименттік топта жоғары (жеткілікті) деңгейдің 10 %-ға (бақылау кезеңінде 25 %) және орта деңгейдің 15 %-ға (бақылау кезеңінде 65 %) өсуі байқалады, бақылау тобында өзгерістер елеулі емес: орта деңгейдің 5 %-ға (60 %) өсуі байқалады (бақылау кезеңінде %). Алынған көрсеткіштерге сүйене отырып, эксперименттік топта елеулі өзгерістердің барын аңғаруға болады.

Арт-терапиялық сабақтар кешенін жүзеге асырғаннан кейін оқушының ішкі ұстанымының, оқу мотивациясының қалыптасуы байқалды. Біз оқушылардың оқу іс-әрекетінен мотивациялық дайындық деңгейінің жоғарылауын және мектепте оқуға деген мотивацияның артуын көре аламыз. Зерттеудің нәтижелеріне сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттыруда арт-терапияның ықпалы жоғары екеніне көз жеткіздік.

Жалпы алғанда мұндай зерттеулер қазіргі қоғамда әлеуметтік маңызды және өзекті мәселелер қатарына еніп отыр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Эльконин Д.Б. Детская психология: учеб. пос. для студ. высш. учеб. завед. / Д.Б. Эльконин. — М.: Изд. центр «Академия», 2007.
- 2 Шляпкинова О.А. Мотивация образовательной деятельности / О.А. Шляпкинова. — Ярославль, 2014. — 124 с.
- 3 Дмитриева Т.В. Мотивация учения младших школьников через оценочную деятельность учителя / Т.В. Дмитриева, Т.И. Степанова // Обучение, развитие, воспитание в современном образовательном процессе: сб. ст. — Петрозаводск: Международное партнерство «Новая наука», 2022. — С. 71–76.
- 4 Вартанова И.И. Специфика взаимосвязи эмоционального и понятийного компонентов учебной мотивации / И.И. Вартанова // Культурно-историческая психология. — 2018. — № 14/2. — С. 77–85.
- 5 Вартанова И.И. Мотивация учебной деятельности и особенности детско-родительских отношений / И.И. Вартанова // Психологическая наука и образование. — 2004. — № 9/3. — С. 55–59.

- 6 Қасен Г.А. Арт-педагогика и арт-терапия в инклюзивном образовании / Г.А. Қасен, А.Б. Айтбаева. — Алматы: Қазақ университеті, 2019. — С. 8.
- 7 Давыдов В.В. Лекции по общей психологии / В.В. Давыдов. — М.: Изд. центр «Академия», 2005. — 176 с.
- 8 Yakovleva Y.V. Information and communication technologies as a means of developing pupils' learning motivation in elementary school / Y.V. Yakovleva, N.V. Goltsova // Procedia-Social and Behavioral Sciences. — 2016. — Vol. 233. — P. 428–432. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2016.10.179>
- 9 Shakarov I. et al. Helpful and hindering events in art therapy as perceived by art therapists in the educational system / I. Shakarov // The Arts in Psychotherapy. — 2019. — Vol. 63. — P. 31–39. <https://doi.org/10.1016/j.aip.2019.03.005>
- 10 Запорожец А.В. Избранные психологические труды. Психическое развитие ребенка / А.В. Запорожец. — М.: Педагогика, 1986. — 320 с.

З.К. Чункурова, Е.Т. Катанова, Э.А. Аликанова

Влияние арт-терапии на повышение мотивации учащихся начальных классов к обучению

В современной системе образования важным вопросом становится совершенствование методов повышения мотивации учащихся начальных классов к обучению. В ходе исследования мы рассмотрим влияние арт-терапии на повышение мотивации учащихся начальных классов к обучению, изучим взаимосвязь и влияние понятий мотивации и арт-терапии друг на друга. Основная цель исследования — экспериментальное изучение с целью теоретического обоснования влияния арт-терапии на повышение мотивации младших школьников к обучению, а также разработка и апробация комплекса занятий арт-терапией, направленных на повышение мотивации учащихся начальных классов к обучению. В практическом эксперименте приняли участие 40 учащихся начальных классов. Экспериментальную группу составили 20 учащихся, принявших участие в исследовании. Кроме того, учащиеся начальных классов реализовали комплекс занятий по арт-терапии с целью повышения мотивации к обучению. Остальные 20 учащихся вошли в контрольную группу и не участвовали в комплексе разработанных уроков. Исследовательская работа состояла из трех этапов. На начальном этапе выявлен уровень мотивации младших школьников к обучению. На формирующем этапе разработан и реализован комплекс занятий по арт-терапии для повышения мотивации учащихся начальных классов к обучению и оценки его эффективности. На контрольном этапе изучена динамика уровня повышения мотивации к обучению младших школьников и проверена эффективность комплекса занятий с помощью арт-терапии.

Ключевые слова: начальный класс, ученик, обучение, мотивация, арт-терапия, повышение, эффективность.

Z.K. Chunkurova, E.T. Katanova, E.A. Alikanova

The impact of art therapy on increasing the motivation of primary school students to learn

In the modern education system, an important issue is the improvement of methods to increase the motivation of primary school students to learn. So, in the course of the study, we will consider the impact of art therapy on increasing the motivation of primary school students to learn. We will also study the relationship and influence of the concepts of motivation and art therapy on each other. The main purpose of the study is an experimental study in order to theoretically substantiate the effect of art therapy on increasing the motivation of younger schoolchildren to study. In addition, the development and testing of a set of art therapy classes aimed at increasing the motivation of primary school students to study. 40 primary school students took part in the practical experiment. The experimental group consisted of 20 students who took part in the study. In addition, primary school students implemented a set of art therapy classes in order to increase motivation to learn. The remaining 20 students were included in the control group and did not participate in the complex of developed lessons. The research work consisted of three stages. At the initial stage, the level of motivation of younger students to study was revealed. The formative stage — a set of art therapy classes has been developed and implemented to increase the motivation of primary school students to study and evaluate its effectiveness. At the control stage, the dynamics of the level of increased motivation to teach younger schoolchildren was studied and the effectiveness of the complex of classes with the help of art therapy was tested.

Keywords: elementary class, student, learning, motivation, art therapy, improvement, efficiency.

References

- 1 Elkonin, D.B. (2007). *Detskaia psikhologiya: uchebnoe posobie dlia studentov vysshikh uchebnykh zavedenii* [Child psychology: textbook for students of higher educational institutions]. Moscow: Izdatelskii tsentr «Akademiia» [in Russian].
- 2 Shliapnikova, O.A. (2014). *Motivatsiia obrazovatelnoi deiatelnosti* [Motivation of educational activities]. Yaroslavl [in Russian].
- 3 Dmitrieva, T.V., & Stepanova, T.I. (2022). *Motivatsiia ucheniia mladshikh shkolnikov cherez otsenochnuu deiatelnost uchitelia* [Motivation of teaching of younger students through teacher evaluation activities]. *Obuchenie, razvitiie, vospitanie v sovremennom obrazovatelnom protsesse: sbornik statei — Education, development, and upbringing in the modern educational process: collection of articles*. Petrozavodsk: Mezhdunarodnyi tsentr nauchnogo partnerstva «Novaia nauka» [in Russian].
- 4 Vartanova, I.I. (2018). Spetsifika vzaimosviasi emotsionalnogo i poniatiinogo komponentov uchebnoi motivatsii [The specifics of the relationship between the emotional and conceptual components of educational motivation]. *Kulturno-istoricheskaia psikhologiya — Cultural and historical psychology*, 14/2, 77–85 [in Russian].
- 5 Vartanova, I.I. (2004). Motivatsiia uchebnoi deiatelnosti i osobennosti detsko-roditelskikh otnoshenii [Motivation of educational activities and features of child-parent relations]. *Psikhologicheskaiia nauka i obrazovanie — Psychological science and education*, № 9/3, 55–59 [in Russian].
- 6 Kasen, G.A., & Aitbaeva, A.B. (2019). *Art-pedagogika i art-terapiia v inkluzivnom obrazovanii* [Art pedagogy and art therapy in inclusive education]. Almaty: Qazaq universiteti [in Russian].
- 7 Davydov, V.V. (2005). *Lektsii po obshchei psikhologii* [Lectures on general psychology]. Moscow: Izdatelskii tsentr «Akademiia» [in Russian].
- 8 Yakovleva, Y.V., & Goltsova, N.V. (2016). Information and communication technologies as a means of developing pupils' learning motivation in elementary school. *Procedia-Social and Behavioral Sciences*, 233, 428–432. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2016.10.179>
- 9 Shakarov, I., Regev, D., Snir, S., Orkibi, H., & Adoni-Kroyanker, M. (2019). Helpful and hindering events in art therapy as perceived by art therapists in the educational system. *The Arts in Psychotherapy*, 63, 31–39. <https://doi.org/10.1016/j.aip.2019.03.005>
- 10 Zaporozhets, A.V. (1986). *Izbrannye psikhologicheskie trudy. Psikhicheskoe razvitiie rebenka* [Selected psychological works. Mental development of the child]. Moscow: Pedagogika [in Russian].

Information about the authors

Чункурова, З.К. — Master, Senior Lecturer, Kazakh-American Free University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan; e-mail: shonova_zarina@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4440-339X

Катанова, Е.Т. — Master, Senior Lecturer, Kazakh-American Free University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan; e-mail: liza.katanova.1986@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2462-7097

Аликанова, Э.А. — Master, Senior Lecturer, Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan; e-mail: elvira_pip@mail.ru, ORCID: 0009-0009-7321-8872